Досмұхамбеттен - Құлшығай, Қарабай, Сайылбай. Құлшығайдан - Суханберлі, Рақымберлі, Жаңаберген. Суханберліден - Рамазан, Сақтаған. Рамазаннан - Оспанғали, Құспанғали. Сақтағаннан - Елеусіз, Теміргали. Рақымберліден - Жақсыберген, Ақжонас, Көкен, Батырғали. Ақжонастан - Ақжалғас. Ақжалғасан - Тәжі. Көкеннен - Құрманғали. Қарабайдан - Еруәлі, Төрәлі, Байдалы, Бердәлі, Боранқұл, Науғалы, Нұрқа, Есмағамбет, Алтынбай, Басар, Көшкінбай. Төрәліден - Сақыпкерей. Жаналыдан - Жақсығали. Басардан - Ақбала, одан - Еркесая, Жақия, одан - Ибрай, Жақсылық, Төлеген, Ерген, Кенжебек. Ибрайдан - Рауан. Жақсылықтан - Фарит. Ергеннен - Азат. Кенжебектен - Төрехан.

Сайылбайдан - Нұрселеу, Нұрсұлтан, Шыбынтай. Нұрсұлтаннан - Рысқали.

Жолдыбайдан - Қозайдар. Қозайдардан - Ажғұл, Садібек, Көкібай, Смағұл, Дос. Ажғұлдан - Есқали, Шыңғали, Ерғали, Тыштан. Есқалидан - Рахметолла. Садібектен - Есқан, Машен, Хұсайын, Шамат. Есқаннан - Мұстафа. Машеннен - Қожан. Хұсайыннан - Алдаберген, Ғабдолла. Шаматтан - Шердем.

Көктібайдан - Ақбас, Ізгілеу. Ақбастан - Ораз.

Бәсібектің 1 әйелінен - Есен, Досалы, Жақеш. Есеннен - Кошпап. Досалыдан - Жалмырза. Жалмырзадан - Аманқұл. Жокештен - Жексенғали, Бексей, Меңдәлі, Көкеш, Құрманғали.

Бердәліден - Бекқали, Жұмағали, Бисенғали. Меңдәліден - Сабыр. Көкештен - Макар. Құрманғалидан - Өтеш. Өтештен - Ғұмар. Ақайдан - Сейіт, Бекмағамбет, Нұрғожа. Сейіттен - Жамет, Ығылман. Бекмағамбеттен - Асанғали, Жүсіпқали. Нұрғожадан - Шохан, Даулетәлі, Байтемір, Жастемір, Жайықбай. Шоханнан - Жаманқұл, Мыса. Жаманқұлдан - Әубәкір, Әлі. Әубәкірден - Баймұхамбет, Ермұхамбет. Ермұхамбеттен - Ізімғали, Мұрадым, Даулет. Даулеттен - Шыңғырбай, Сөтбай, Ұзақбай. Ұзақбайдан - Абай, Данияр. Абайдан - Бахтияр, Рустем. Мысадан - Сүйіншәлі. Сүйіншәліден - Қуаныш. Қуаныштан - Өтепқали, Аманғали, Қыдырғали. Аманғалидан - Болат, Мұрат. Болаттан - Бейбіт одан Тимур. Мұраттан - Қанат. Қыдырғалидан - Иосиф, одан - Аян, Сайлан, Арслан, Жаслан. Сайланнан - Артур.

Даулетәліден - Қожанбай, Үтеген, Бөдеш, Балапан, Китек. Қожанбайдан - Мұхамбетқали, Сарсәлі, Ахметқали, Жұмағали, Кеймағамбет. Ахметқалидан - Сдық, Халық. Сдықтан - Ізімғали. Үтегеннен - Тұраш, Нұралы, Төрәлі, Серәлі, Кенжәлі. Төрәліден - Баялы. Нұрәліден - Жақып. Тұраштан - Жүсіпәлі. Сырәліден - Абыл. Байтемірден - Қарабас, Пұсырман. Қарабастан - Жалел. Жайықбайдан - Байжоныс. Байжоныстан - Тайып, Тайыр, Сұлтан, Әділ. Шахамбайдан - Әділ, Бектеміс. Әділден - Молдаш, Жолдаш. Бектемірден - Смағұл.

Қосайдан 9 бала. Аманғали, Молдағали, Құрманғали, Иманғали, Нұғман, Кенжеғали, Әділғали, Гильман. Құрманғалидан - Қожамұрат. Қожамұраттан - Қажмұхан, Нұрмұхан, Бимұхан, Әлмұхан.

Әділғалидан - Тілепберген. Тілепбергеннен - Амангелді, Рашид, Болат, Тимур. Амангелдіден - Талғат. Рашиқтан - Артур. Болаттан - Әсет. Тимурден - Рустам. Талғаттан - Санжар.

Сүйіндік

Сүйіндіктен - Қарақұл, Дербіс. Қарақұлдан - Мамен, Боқан, Құлсары, Жансары. Маменнен - Бек, Мырзабек, Қарабек. Бектен - Бегеш. Бегештен - Құбай, Қалеш. Қалештен - Наурызбай. Мырзабектен - Серсәлі. Серсәліден - Дауеш. Дауештен - Мұрат. Мұраттан - Нұрғиса, Науырызбай. Қарабектен - Жиенәлі, Ерделі, Ерәлі, Жұмалы, Науша, Шапек. Ерделіден - Бұзаубак. Ерәліден - Қамбет. Қамбеттен - Сатан. Жұмалыдан - Темір, Ақболат, Досболат. Наушадан - Томан. Томаннан - Сембай. Шапектен - Мамбет. Боқаннан - Құттықадам. Құттықадамнан - Тілеміс, Біләт, Құттыбай. Біләттен - Төлеуқайыр. Құттыбайдан - Қожахмет. Қожахметтен - Атолла. Атолладан - Тұрар.

Құлсарыдан - Қуаншәлі, Қодар. Қуаншәліден - Сұлтан, Мусағали, Мендеш, Майдан. Қодардан - Абдрахман. Абдрахманнан - Ғани. Сұлтаннан - Досмұхамбет, Ізмұхамбет. Досмұхамбеттен - Қабас, Жанша (Жиһанша (1886-1937) - Алашорда көсемі.

Қабастан - Нұғман. Ізмұхамбеттен - Өльден, Шәріп. Өльденнен - Халес, Құдес. Қути. Хадесті Жанша баласы болмағасын асырап алған. Құдестен - Аманғали, Бисенғали, Дюсенғали. Аманғалидан - Жоламан. Бисенғалидан - Қуандық, Бауыржан. Дюсенғалидан - Тимур.

Мусағалидан - Бьжықай. Майданнан - Ержан, Хайролла. Жансарыдан - Қадір, Бисен. Қадірден - Сухан, Сүлеймен. Суханнан - Мұхаш. Сүлейменнен - Майсақ. Бисеннен - Жұдыз. Дербістен - Байтұрсын, Баймалық, Байтоғал, Сарбай, Өтебай. Байтұрсыннан - Жүсіпқали, Мәпіш. Жүсіпқалидан - Омар. Мәпіштен - Ақбас, Байбол. Ақбастан - Ғабдысалім. Байболдан - Қуанышқали, Үмбетқали. Баймалықтан - Шонақа. Шонақадан - Төрәлі, Темірғали. Төрәліден - Байболат, Жанболат, Рақым, Сужүрек. Сужүректен - Жамал. Жамалдан - Шнымбет. Рақымнан - Тұрғанбай, Сайлау, Самат, Абай.

Қаналыдан - Керей. Байтоғалыдан - Жүзбай, Жүсіп, Сегізбай, Қосалы. Жүзбайдан - Баймағамбет. Баймағамбеттен - Әлмағамбет. Жүсіптен - Аймұхаш. Сегізбайдан - Айналы, Махамбет. Айналыдан - Рахмет, Ақкенже, Сүткенже. Рахметтен - Өтепберген, Орынғали, Оразғали, Жақсыбай, Сембі, одан - Тасболат. Тасболаттан - Бейбіт, Ерлан, Армат. Ерболдан - Ақтілек, Артур. Бейбіттен - Аққұл. Ерланнан - Айлана, Айнұр. Арматтан - Нұрлы. Сарбайдан - Байыр. Байырдан - Жаймахан. Жаймаханнан - Дүйсенбі, Сағат. Сағаттан - Хамит. Өтебайдан - Лепіс, Кәкім. Кәкімнен - Сарсенбі, Уали, Нұрмұхан. Сарсенбіден - Ораз, Серік. Серіктен - Медет. Уалиден - Саттар, Есен. Нұрмұханнан - Төлеш, Қапеш, Сағидолла.

Айбас

Айбастан - Сүгірбай, Қарбызбай, Қарақойшы, Шомақ. Сүгірбайдан - Досқали, Сары. Хұсайын. Қарақойшыдан - ... Сұлтанғали. Досқалидан - Әміре, Базарбай, Қойшыбай.

Шомақтан - ... Сапи, Қанақа. Сапиден - Нұғымаш, Мақаш, Зұлқаш, Сабыр, Салық. Мақаштан - Сағынгерей, Әділгерей, Сәлім. Сәлімнен - Жасталай. Қанақадан - Досан, Жұмаш, Ақишан одан Әлібек. Әлібектен - Ақжігіт, Ақжол.

Нұрғалидан - Досқали, одан - Мауыт, Хаби, Қалимолда, Құрманғали. Мауыттан - Отарбай, Сапаш, Нежі, Қайыржан, Ізмұқан, Сейткерей. Сапаштан - Зөкен, Жанболат. Қайыржаннан - Бауыржан, Серік, Иса. Ізмұқаннан - Андрей. Сейткерейден - Есенгерей, Амангельды, одан - Дулат. Қалимолдадан - Болат. Құрманғалидан - Жақия, одан - Қуаныш.

... Нарымбеттен - Сұлтанғали, одан - Құлман, Насыр. Құлманан - Қадер, одан - Ержан. Насырдан - Қабар, Бауыржан, Абзал, Зорман.

Шаңқаң

Шаңқаңнан - Бактыгелді одан Жақсыгелді, одан - Қошқар, Бессары. Қошқардан - Қалқаман, Асан.

Қалқаман

Қалқаманнан - Назар, Мансур, Қожамберлі, Құрман, Есенгүл, Мендікүл, Дүмбай, Игілік.

Назар

Назардан - Туменбай, Өткелбай, Жангелбай.

Туменбайдан - ...Сүлеймен, Баки, Нұржан, Роман.

Өткелбайдан - ...Мөжім одан Қуаныш. Қуаныштан - Әлібек.

Жангелбайдан - ...Түсел, Төлек, Сатай. Түселден - Жұмаш одан Мақмет, Айтқали. Мақметтен - Ғаділше, Борис. Ғаділшеден - Бейбіт, Алмас. Бейбіттен - Мержан. Бористен - Болат, Азат, Марат. Ғаділше Мақметов талай жандардың ғұмырын сақтауға себепші болған дәрігер.

Төлектен - Қуандық, Аяпқали, Мусағали, Амангелді, Бакытжан. Қуандықтан - Ибрайім одан Есқара, Мәлік. Мусағалидан - Нағым. Сатайдан - Мөләйім одан Қуандық одан Ерғабай.

Мансыр

Мансырдан - Айтқұл, Байдеу, Сейтек, Шора, Өтебай.

Айтқұл

Айтқұлдан - Баймырза, Байду, Өкен, Төкен, Батыр, Байсақ, Қарабас.

Баймырзадан - Бектас. Бектастан - Баймен, Жақып, Жаймағамбет, Токмағамбет, Даулетқали, Жақсымбет. Байменнен - Борамбай. Борамбайдан - Сапаралы, Қарасай, Оразай, Қазі. Сапаралыдан - Сатай. Қарасайдан - Молдагерей. Молдагерейден - Талап, Орынтай, Ерсабаз. Оразайдан - Сейфолла. Сейфолладан - Орымбай. Орымбайдан - Максім. Жақыптан - Нығмет, Қалмағамбет, Қопа, Батырғали, Кенжеғали. Нығметтен - Муса, Торбай

Мусаның I өйелінен - Самиголла. Самиголладан - Халкен, Жолдығали, Орынғали, Мендіғали, Қанатқали;

2 әйелінен - Хабиболла, Хабиболладан - Алтынбек. Қалмағамбеттен - Сүлеймен. Сүлейменнен - Кеңжебек. Кеңжебектен - Серік, Берік, Мәлік. Серіктен - Мират. Беріктен - Жарас. Мәліктен - Арман, Нұрлан, Жандас. Жаймағамбеттен - Молдағали. Молдағалидан - Ғалымгерей. Ғалымгерейден - Рахымжан. Рахымжаннан - Рашид. Жақсымбеттен - Хамза. Хамзадан - Хайрош.

Түменбайдан-Санкібай, Мыңжасар, Акси, Есенғали, Көбек;

Санкібайдан - Дүйсебай, Өтебай, Тыналы, Есмұқан, Айтжан, Мырзағали, Жұбандық;

Дүйсебайдан - Әлмен, Бимен, Сүйінішәлі. Әлменнен - Асан. Бименнен - Мұхамбет, одан - Құбайдолла, Мақсот, Молдағали.

Сүйінішәліден - Лұқпан, Қаден, Дауке. Лұқпаннан - Жұмаш, Ғаббас. Жұмаштан - Ханғали, Қаламғали, Аманжол. Сүйінішәлиев Ханғали филология ғылымдарының докторы, профессор, жоғарғы мектебіне сибегі сіңген қызметкер, Ш. Уалиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, одан - Нурлан, Әлжан, одан - Санжар. Сүйінішәлиев Қ алам ұстаз - ғалым, одан - Жасұлан, Руслан. Жасұланнан - Тимурлан. Аманжолдан - Сакен, одан - Дмитрий. Қаденнен - Бақтығали, Әбуғали. Бақтығалидан - Аухат, Макс, Мереке, Борис.

Өтебайдан - Тінәлі, Шернияз, Демұқаш, Құсайн, Қосмағанбет. Тінәліден - Айтжан, Мендібай. Айтжаннан - Хасан. Шернияздан - Омар, одан - Махмұд. Демұқаштың бірінші әйелінен - Жұбандық, Нұрғали, Мырзағали; екінші әйелінен - Нұрмұғанбет, Бекмағанбет, Даукас.

Ақсидан-Тәжі, Рамазан, Мамбетғали, Ғұбайдолла, Гайнолла, Ихсан, Самен; және Донахай, Отғали, аманғали, Алим. Алимнен-Құспан.

Есенғалидан-Әли, Иман-сапа, Мұхамбет.

Көбектен-Данияр, Бекежан, Рысқали, Салмен, Шапан;

Мыңжасардан-Языу, Бұзау, Байшеркеш, Жылгелды, Елемес;

Языудын-Әбіш, Бекмырза, Есбол, Қабдол;

Бұзаудын-Жиеналы, Жұбаналы;

Жисналыдан-Қасанғали;

Жұбанальдан-Ниязғали;

Байшеркештен-Жапар, Маулімберлі, Рахымберлі, Серғали, Тухфат, Мұстафа, Муханбетолан, Карим, Сүлеймен, Сақып;

Жапардан-Беркалы; Беркалыдан-Нығымет, Хамза, Қарамес, Масах, Халық, Қарабала. Нығыметтен-Қабен, Қараместен-Амиржан, Салимжан, Аман, Ғалымжан. Масахтан-Қабыш.

Маулімберліден-Қажығыли, Нығымстолла, Зинолла, Ғабдрахман, Халиолла, Бахыт, Ғабдос, Ғазез. Қажығалидан-Мажит, Уахит. Ғабдрахманнан - Шияп, Хуснеден. Қалиолладан - Насыр, Әди. Бақоштан - Ғабдашид, Ғабдырасул. Насырдан - Уахит. Ғабдырасулдан - Болат, Бекет, Бисен. Ғазизден - Рахметолла, Сағи, Ғалым. Сағидан - Қайржан, Малик, Салық, Халық. Ғалымнан - Әмір, Бахытжан.

Серғалидан - Карім, Муханбетжан, Сулеймен, Сахып, Мұстафа, Қадыр. Карімнен - Мұса, Ару, Мұзапар, Қабдол, Қабатай. Мұханбетжаннан - Ғайсақай, Жауқен, Закен, Сағи, Жасұлан, Қамар. Ғайсақайдан - Сапа, Сапарғали, Мұрат. Закеннен - Қайбар, Нұрлан, Ержан. Сағидан - Хайдар, Қайрат Мұрат. Қамардан - Ержан, Нұржан, Сержан, Бауыржан.

Қадыршадан - Какім, Хабиболла. Какімнен - Мұрат, Болат. Хабиболадан - Мақсот, Марат.

Байдеу

Мансырдың Байдеу аталығын Ақжайық ауданында өмір бойы оқытушы болып қызмет істеген марқұм Зайреден Қуанышевтің жазған шежіресі бойынша беріліп отыр.

Байдеуден - Арал, Бокқара, Боксары, Қабан, Байбоз, Әділ, Мақұл, Тыныштық.

Арал

Аралдан - Дүріске, Досай, Есболай, Төлен, Малғұтты, Жанғұтты.

Дүріскеден - Темірғазы, Есқазы, Жанғазы, Дошым. Темірғазыдан - Қожамұрат, Елшібек, Әйіп. Жанғазыдан - Төремұрат, Қалаулы. Дошымнан - Дүйсенғали, Кеңжес, Хасанғали. Дүйсенғалидан - Жәнібек. Кеңжестен - Есламғали, Сайын. Досайдан - Бірәлі. Бірәліден - Мұхаш, Кененсары, Батырәлі. Мұхаштан - Қабақ, Қажым. Қабақтан - Құбаш, Ғабдолла. Ғабдолладан - Сақып. Сақыптан - Қарағойшы. Кененсарыдан - Бисенғали, Шохан. Батырәліден - Мусағали. Есболайдан - Шыңәлі. Шыңәліден - Сары. Төленнен - Сухан. Суханнан - Дүзкей. Дүзкейден - Дауш. Дауштен - Мақсот. Мақсоттан - Мақамбет, Исатай.

Бокқара

Бокқарадан - Асабай, Қосабай, Иман, Мес. Асабайдан - Тоймағамбет, Есмағамбет, Баймағамбет, Нұғман. Тоймағамбеттен - Қажығали, Төреғали. Төреғалидан - Төлеген. Есмағамбеттен - Досқали. Досқалидан - Бисенғали, Қуанғали. Баймағамбеттен - Еспандияр. Еспандиярдан - Қисым. Нұғманнан - Ишманғали, Хайырғали. Ишманғалидан - Түсіпқали, Мизамғали.

Боксары

Боксарыдан - Жұмағали, Шолак, Күшкей, Алжан. Жұмағалидан - Ығылман, Аблхайыр. Шолактан - Салтақай, Мамай, Қарабұзау, Сарсен.

Мамайдан - Дүйсен, Қаумет. Дүйсеннен - Мұхамбедияр. Мұхамбедиярдан - Хұсайын. Хұсайыннан - Есенгелді, Амангелді, Қазбек, Тамиғат, Абай, Әлібек, Қаныбек. Есенгелдіден - Асылбек, Әділбек. Қауметтен - Мерғали. Мерғалидан - Тарғын. Тарғыннан - Бакыт. Қарабұзаудан - Хамидаш, Халиолла, Айғали, Дүсіпқали.

Күшкейден - Жұмағали. Жұмағалидан - Абдолла, Ғайнолла, Шайдолла. Абдолла - атақты ақын. Ұлы Отан соғысында опат болды. Абдолла айтқан: «Бір адымда шегінбе, әдет жоқ бізде ондай тегінде,» - деп Сағынғали Сейітов жазған.

Ғайнолладан - Сырым, Тұрар. Шайдолладан - Тимур, Болатбек. Алжаннан - Сүлеймен.

Қабан

Қабаннан - Жандау, Мес.

Местен - Шеріпқали. Шеріпқалидан - Мерәлі.

Байбоз

Байбоздан - Бұзаубак(Тананың атақты би). Бұзаубақтан - Меңдігерей, Бактыгерей, Досалы, Қазикан, Көшәлі, Шағыр, Тенелі.

Бактыгерейден - Қазихан, Әмірхан, Үбі. Қазиханнан - Мажикен, Нұрым. Әмірханнан - Қабес, Қаршен, Мағаз, Оразай, Оразалы. Қабестен - Ғалымжан, одан - Нұрлан, Ерлан. Нұрланнан - Елтай, Манарбек. Ерланнан - Руслан. Мағаздан - Есмұрат. Оразайдан - Сәлім, Мизамғали, Талғат, Ерболат, Мәлік. Сәлімнен - Қуаныш, Миржан. Мизамғалидан - Даурен. Талғаттан - Абылай, Ғайниден. Оразалыдан - Нуржан, Нурболат, Бекболат, Жанболат. Үбіден - Максот, одан - Қайрат, Тимур. Қайраттан - Аслан.

Досалыдан - Қабдел, одан - Қадым, Амангелді. Қадымнан - Нариман, Бауыржан, Бахытжан.

Меңдігерейден - Мұхамбет, Жұбан, Халық, Қапар. Мұхамбеттен - Жақып, Уәп, Тілеген, Саттар. Жақыптан - Зейнеден, Қамериден.

Әділ

Әділден - Тоқпай, Шекпай, Жетібай, Жұмабай.

Тоқпайдан - Жәйтілеу, Бәйіш, Темірәлі, Сиық. Жәйтілеуден - Жалмұхан(Бұха). Жалмұханнан - Дабыс, Нәси, Қабдол. Дабыстан - Сапа. Нәсиден - Әлсейіт, Хамит, Амангелді, Артур. Бәйіштен - Қуан. Сиықтан - Жұбан, Әмірәлі, Гиззат.

Шекпайдан - Құттымбет, Байторы. Құттымбеттен - Рабай, Әбіт, Талпақ, Сүйінәлі, Төлекеш, Үндағұл. Төлекештен - Хамит. Байторыдан - Мұхамбет, Есенәлі. Мұхамбеттен - Төменғали. Гиззаттан - Ғазез.

Жетібайдан - Дауылбай, Қали, Боранбай, Хатеп. Дауылбайдан - Үдірей. Үдірейден - Әлшекен, Қойшекен, Шайдан, Нажден. Қойшекеннен - Мерәлі. Қалиден - Әліш, одан - Уақит. Боранбайдан - Құлбарак, Хатептен - Балтабай.

Жұмабайдан - Қойшыбай, Қойшыбек, Измағанбет. Қойшыбайдан - Қойшы, Хамит. Қойшыбектен - Төлеген. Измағанбеттен - Қален.

Мақұл

Мақұлдан - Қаражан. Қаражаннан - Нәріш, Алжақай, Төлеген. Нәріштен - Қуан. Қуаннан - Жауырттай, Уали, Бісқаж. Алжақайдан - Нағым, Тастан, Қунтуған, Жетпеш, Сәкен, Сәлім. Қунтуғаннан - Сағымбай. Жетпістен - Сахи, Қайржан, Хайролла, Жақсылық. Сәлімнен - Бекет, Бекболат.

Тыныштық

Тыныштықтан - Қарабай, Наурызлы, Жұмағазы, Жексен, Оспан, Төлеп, Көней, Доней.

Қарабайдан - Мұхаш, Ержан, Сағын. Мұхаштан - Қоныс. Қоныстан - Жарылғас, Қабдол, Абдол, Әбілқас. Кисмет. Жарылғастан - Хабидолла. Хабидолладан - Якуб, Азамат. Қабдолдан - Мүтиғолла, Сағидолла. Кисметтен - Самиголла. Самиголладан - Нұрлан, Нығметолла, Ерлан, Тұрлан. Ержаннан - Ғұмар, Ғабиден, Қарабас, Ғылым. Сағыннан - Қыстау, Даулет, Шоқпар, Қыстаудан - Сibaғат, Қисым, Гиззат, Әдиет. Даулеттен - Әбіш, Файзолла. Шоқпардан - Жүсіп.

Наурызальдан - Сүндет, Алакөз, Сердәлі, Машты, Егізбай.

Сүндеттен - Молдаш, Салық, Төрес, Қуаныш, Қабекен, Ғылым, Құлыншак. Молдаштан - Аманғали, Отепберген, Жалғас, Ишап, Құби. Аманғалидан - Құзыр. Құзырдан - Марат, Берік, Серік, Елемес, Қуат. Беріктен - Болат. Құбиден - Мақсат, Мақат, Қажмұрат. Мақаттан - Шамрат, Әжмұрат. Мақсоттан - Қуат. Қажмұраттан - Қайрат, Айбат.

Салықтан - Ауқат. Ауқаттан - Сағиден, Аманжол. Сағиденнен - Нұрлан, Салауат, Ербол, Талғат. Аманжолдан - Марат. Қуаныштан - Нәжімеден, Зайреден, Ғайнеден. Нәжімеденнен - Мұрат, одан - Нұртас. Зайреденнен - Қайып, Ғылым, Ғабит. Қайыптан - Серік, Берік, Ержап. Ғылымнан - Тайыр.

Қабекеннен - Құсан, Құмар, Ибат, Нығымет. Құсаннан - Нарымбай, Нұрымбет, Жаманбай, Сырымбай.

Құлыншақтан - Ибат, Нығымет. Ибаттан - Нұрболат, Ғиният. Нұрболаттан - Нұрлан, Ғинияттан - Фұлан, Хамза. Нығыметтен - Жанболат, Нұрболат, Ерболат. Алакөзден - Батыр, Бисен. Сердәліден - Меңқара. Меңқарадан - Отар.

Маштыдан - Абдрахман, Нұрмұхан, Мырзағали. Абдрахманнан - Арстан, Сұлтанғали. Арстаннан - Сатым, Қалидық. Сұлтанғалидан - Каримолла, Бисекен. Нұрмұханнан - Есенғали, Есмұрат. Есенғалидан - Зинеш. Есмұраттан - Мағжан, Марат, Ханат. Мараттан - Иман, Зиголла. Мырзағалидан - Сатқали. Сатқалидан - Алдаберген, Қожаберген, Орынғали. Орынғалидан - Серік. Егізбайдан - Қабдеш, Көрім. Көрімнен - Исмағұл, Исқак.

Тыныштықтың үшінші баласы Жұмағазы. Жұмағазыдан - Сарсен. Сарсеннен - Темір. Темірден - Шыңғырлау, Өтеғали.

Тыныштықтың төртінші баласы - Жексеннен - Таспай, Қоспай, Бародас, Сакқулак, Саспақ. Қоспайдан - Жәкәу (1894-1972), Дінбаян (Дініш) (1906-1978). Жәкәудан - Жорығас, Қасен (1924), Ахметкерей (1931-1979). Қасеннен - Сания, Сәлімгерей, Марат, Бақытжан, Амангелді. Мараттан - Айнұр, Дипа, Елдос, Наурызбек. Бақытжаннан - Қайрат, Салтанат, Алия. Ахметкерейден - Ақырыс, Ерболат, Ғалымжан, Гульнара, Роза. Ерболаттан - Талғат, Азамат. Дініштен - Сүйеужан, Бақытжан, Мұхамбетқали, Қабырахим, Мұханбетжан, Айдынғали, Бақтығали. Сүйеужаннан - Бибигуль, Нейля, Ербол, Қайырбек, Бекбол, Аділбек, Кенжебек. Ерболдан - Асқарбек. Қайырбектен - Қуаныш, Ануар. Бақытжаннан - Сұлтансиық. Айдынғалидан - Айбек, Елдос, Айдос. Бақтығалидан - Маржан, Айнат, Берік, Бауыржан.

Барадостан - Төекеш, Дүйсенғали. Төекештен - Жарас, Самиголла, Хамидолла, Кенжібай. Дүйсенғалидың бірінші әйелінен - Габдолла, Көпболсын; екінші әйелінен - Жұмабай, Жұмақай. Сакқулақтан - Арстанғали, Набиғали.

Тыныштықтың бесінші баласы Оспаннан - Сармалай. Сармалайдан - Төрсмұрат. Төрсмұраттан - Ахмет, Қадір. Ахметтен - Тасболат, Нұрболат, Ерболат. Қадірден - Нүкей.

Тыныштықтың алтыншы баласы - Төлейден - Жанұзақ. Жанұзақтан - Қайыржан.

Тыныштықтың жетінші баласы Көнсейден, сегізінші баласы - Дөңей.

Жансары

Жансарыдан - Аян. Аяннан - Алгерей, Мүсалім, Шағыр, Құбаш. Алгерейден - Құмарғали. Құмарғалидан - Төл, Толман. Мүсалінен - Зинекеш. Құбаштан - Дәржан, Закария, Оралтай, Танабай. Әкен, Төкен, Батыр. Байсақтар Тайпақ, Жаңақала аудандарында.

Сейтек

Мансырдың үшінші баласынан Сейтектен - Жанай, одан - Байбатыр, Аймағанбет.

Байбатырдан - Өте, Манғұр, Башім, Жайлыбай. Өтеден - Шәкір, Нағым, Оралбай. Нағымнан - Кенжебай. Манғұрден - Қали, одан - Серік, Берік. Жайлыбайдан - Тілеген.

Аймағанбеттен - Абіш, Қайыр, Билян, Абіл. Абіштен - Жарас. Қайырдан - Ғалым, одан - Зейнолла, Нүк, Асқар, Набиолла, Кенжебек, Насиполла.

Қарабас

Қарабастан (Үміт қыздан тұған, үмітте бар сегіз үй, ортасында Шүйі би) - Үміт, одан - Бердібай, одан - Әбілғазы, одан - Балғожа, Қашай, Еламан, Байгелді, Байғонды.

Балғожадан - Абдрахман, Әмірхан. Абдрахманнан - Изтай. Әмірханнан - Қажтай.

Қашайдан - Бесім, Есқайыр, Шүлі, одан - Молдығали, Рамазан, Бөтөй, Ғабдел.

Еламаннан - Темірқан, Тоғайбай, Оразғали. Темірқаннан - Мырзағали. Тоғайбайдан - Сұлтанғали, Ғалымғали, Ғабдірахим, Мажит, Мустафа. Оразғалидан - Ғабділбари. Ғабділбариден - Серік, Болат, Асқар. Серіктен - Даурен, Малика. Болаттан - Батырхан, Баян. Асқардан - Аида. Ғабділбари - экономист, майдангер. Өзінің еңбегі нәтижесінде аудан, облыстың жоспарлау органдарында жауапты жұмастарда жасады.

Байғондыдан - Қысаубай одан - Жәкіп, Қойшыбай. Жәкіптан - Ерман, Жұмағазы. Ерманнан - Сарсенғали

одан - Бахтыгерей. Бахтыгерейден - Әскер, Асан. Жұмағазыдан - Құрманғали, Аманғали, Ғұмар, Аманғалидан - Асылбек, Өлібек, Қайырбек, Ақылбек. Ғұмардан - Елемес одан - Науырызғали.

Қойшыбайдан - Мурадым одан - Түреш. Түрештен - Өмір, Абай, Аблай. Өмірден - Замир. Абайдан - Дамир, Әділ. Аблайдан - Айдар.

Қожамберлі

Қожамберліден - Саты, Садыбек, Кенже, Ізбасар.

Сатыдан - Өтеу, Тоқа. Тоқадан - Қараша одан - Бұзаубак. Бұзаубақтан - Кенжәлі, Айтқали. Рысқали, Жоқат. Жоқаттан - Емтіқан, Қибаден. Қибаденнен - Тілек. Тілектен - Жеміс.

Кенжәліден - Тілеміс, Ғалімжан.

Айтқалидан - Елемес, Алау. Елеместен - Кенес, Энгельс. Салаудан - Сарымбай, Сағынтай, Ақан. Мехсот, Махамбет.

Сәдібектен - Беккүс, Құдияр, Сүндет. Құдиярдан - Садых. Сауықтан - Муса, Ахмет. Мусадан - Бернияз, Өтеу.

Кенжеден - Жал, Теңіз, Байырхан. Жалдан - Кәріпдан, Шаріпдан. Кәріпданнан - Төлеуғали. Шаріпданнан - Төлеубай, Бақыт. Теңізден - Молдағали, Бірғали. Бірғалидан - Чапай.

Байырханнан - Қайырғали, Шанғали, Әмел, Әбутәліп, Самиғолла, Қалиолла.

Шанғалидан - Сабыр. Сабырдан - Калел, Жәлел. Самиғолладан - Өтебай. Өтебайдан - Тілеген, Боранбай, Ерес.

Әбутәптен - Көкен. Көкеннен - Бейбіт, Қанат, Қайрат, Талғат.

Ізбасардан - Бейбіт, Айболат, Күнболат, Бекболат, Жақсыбай.

Бейбітен - Жеміс. Жемістен - Тоқсан, Байтуған, Бөйтілеу, Өтетілеу, Сибан, Төлей, Жаспанбет.

Тоқсаннан - Мырзағали, Аманғали. Мырзағалидан - Бекет, Есет. Бекеттен - Болт. Есеттен - Вилен, Марлен. Виленнен - Бақытжан, Қайыржан, Нурлан, Ерлан, Ержан, Нуржан. Қайыржаннан - Дулат. Нурланнан - Аслан. Ерланнан - Нурсултан. Мрленнен - Бауыржан, Есен.

Тоқсанов Есет мырзағали ұлы (1899-1938) 34-38 жылдары Қазақстан Орталық партия комитет мүшесі болған.

Байтуғаннан - Орынбай, Тоғайбай. Орынбайдан - Ғалиолла. Ғалиолладан - Тыныштыбай, Зағыпар, Зұлқарнай, Рахат, Дулат.

Бөйтілуден - Тәжіғали, Әбдіғали, Қабыл. Тәжіғалидан - Серікқали, Ермек. Серікқалидан - Әсекербек, Арыстанбек, Ермектен - Руслан.

Өтетіледен - Сұлтанғали, Ержан. Сұлтанғалидан - Төлеуғали, Ғайса. Ержаннан - Моншақ.

Сибаннан - Ыбрай, Аяп, Сәрсенғали, Кәрімғали. Ыбрайдан - Бейіс. Аяптан - Кәдірғали. Сәрсенғалидан - Аманжол, Аманкелді.

Төлейден - Салық, Әжәйт, Әйіп. Салықтан - Нұрмухамбет, Әжәйттен - Құмарғали. Әйіптен - Омарғали, Бекен. Құмарғалидан - Қалық, Хамит, Ғабит. Омарғалидан - Мұхан, Мәлік, Марат, Кәдірғали, самат. Бекеннен - Кәдірбек, Жылыбек.

Жаспанбеттен - Есқали. Есқалидан - Сәрсембай. Сәрсембайдан - Қуаныш, Қуандық, Батырбек, Болатбек, Исатай.

Айболаттан - Мырзағали, Қайсағали, Ізім. Қайсағалидан - Орынбасар. Орынбасардан - Қайыржан, Бақытжан, Бауыржан, Жаскелең, Асхат. Ізімнен - Дәулеткерей, Нұрмухамбет, Майдан. Дәулеткерейден - Дүйсен, Қадірбек, Темірболат, Қазбек.

Нұрмухамбеттен - Бисен, Берік. Майданнан - Мейрам, Мейрамбек, Өлібек, Әділбек.

Күнболаттан - Досқали.

Бекболаттан - Хаби. Хабиден - Ешмухамбет, Көшербай.

Жақсыбайдан - Аманғали. Аманғалидан - Зейнолла. Зейнолладан - Ғайнедден. Ғайнедденнен - Өлібек, Дамир.

Айтқалидан - Асет. Асеттен - Темірлан. Жұбандықтан - Жәңгір. Жәңгірден - Өлібек, Абай, Жәнібек. Өлібектен - Жайдар, Данияр, Дамир. Абайдан - Дайр, Дархан, Дамир. Жәнібектен - Руслан.

Қожамберлі ұрпағы Мұханбетқалидан - Асқар, одан - Құрманғали. Мұханбетқалиев Құрманғали ОАО „Жайық теплоэнерго„ президенті.

Есенғұл

Есенғұлдан - Байғара, Маулім. Байғарадан - Еркін, Қарқын, Төкеш, Қарын, Сары, Көркем, Бессары. Еркіннен - Мушат. Мушаттан - Муса. Мусадан - Дүйсенғали, Төлеуғали. Дүйсенғалидан - Нұрболат. Төкештен - Сарсен. Сарсеннен - Отарғали. Отарғалидан - Ғабдолла. Ғабдолладан - Жұмағұл, Ораз. Қарыннан - Тілкеке. Тілкекeden - Ерден. Ерденнен - Жұбан. Жұбаннан - Сапарғали, Абиғали. Сапарғалидан - Мүбиінадан, Серік. Маулімнен - Өтеш, Жанша, Қылша, Опа, Есет, Сейіт, Жетпіс, Балпан. Сейіттен - Дүйсенғали, Сағынғали. Сағынғали Сейітов - атақты ақын, майдангер. Дүйсенғалидан - Саттар, Жүсіп, Сакко, Қарасай.

Меңдікүл

Меңдікүлдан - Мамбет, Үмбет, Қоске, Қосдаулет.

Мамбет

Мамбеттен - Ботбай, Шоңай, Шымыр, Өмір, Дос, Майхы, Құдайберді.

Ботбай

Ботбайдың 1 әйелінен - Молжігіт, 2 әйелінен - Ақжігіт.

Молжігіттен - Байгелді. Байгелдіден - Өтепқали, Бақтығали, Лұқпан. Өтепқалидан - Мұхажан, Қалам. Мұхажаннан - Амандық. Бақтығалидан - Қуандық. Қуандықтан - Серік, Байжан. Лұқпаннан - Нүрекеш, Қажығали, Ғаббас (Қуандықты осы Ғаббас бала еткен).

Ақжігіттен - Телеубай, Теңізбай.

Телеубайдан - Тінәш. Тінәштен - Қуанышәлі, Сүйіншәлі. Қуаншәліден - Жаңабай, Саламат.

Жаңабайдан - Нұрлан, Бақыт. Нұрланнан - Рустем. Бақыттан - Жалғас, Жолдас. Қуанышәлінің немересі Нұрлан аға үмітін ақтап, білгіш басшы, шебер ұйымдастырушы екендігін көрсетуде.

Саламаттан - Марден, Ерасыл.

Сүйіншәліден (Қоқабай) - Жетіс. Жетістен - Айдар, Ербол, Бекбол, Нұржан, Қуаныш. Бекболдан - Қуандық.

Теңізбайдан - Құрман, Жұмалы. Жұмалы - батыр жігіт. Құрманнан - Ишанғали. Ишанғалидан - Хасен одан - Алмас.

Ботбайдың шөбересі Қуанышәлі туған жерінде еліне аты мәлім, сыйлы адам болды. Сөзге ұста. Әңгіме айтуға келгенде төрт аяғы тең теңсерген жорғадай ағызатын. Өз тұсындағы Тана балаларының ішінен би атанған. Дастарханы жиналмаған, қонақ жайлы адам еді. Иісі Сұлтансиық баласына деген мейірі мен қамқорлығы, көмегін аямаушы еді.

Қуекеннің ерекше қасиеттерінің ішінен, оның шежіреге әуес адамдардың қақ ортасындағы тулға болғанын айтқан әңгімелерін естіген көрі құлақтар осы күндеріде айтады. Қазақта: Қас тулпардың баласы аз оттарда, көп жусар, қас жақсының баласы, “көп тындарда аз айтар” деген сөз бар ғой. Сол кісіден қалған туяқ Жаңабайда өке жолын жалғастырып, өкeden қалған шежіре - мураттарын, естіген әңгімелерін айтуға жалықпайды.

Таналар жәйлі, соның ішінде өз ата - бабаларының осы қара қонысқа қалай орын тебуінің аңызға айналған тарихын, өке аузынан естегенін есіне алды.

-Сол әңгімені көп жылдар өтсе де, әлі ұмытқаным жоқ.

Жаршағыл мен Қасқыртаудың аралығындағы Көкөзектің бастау алатын осы күнгі Қоскол деп аталатын кең жазық Қалқаманның балаларына сол ерте заманнан қоныс болулы. Бұл жерге 1820-1830 жылдар аралығында келулі. Арғы түпкі аталары Жайықтың Каспийге құяр сағасынан жоғары Дендер бетте болған. Басқа рулар сияқты жәйлі қоныс іздеп әрлі-берлі көшу қай қазақ баласының басында болмаған. Жерді бүкіл ру болып қатар жайлайтын. Осы көшу қону кездерінің бірінде Князьдың тұсында бір үлкен Европа-Азия аралық деп аталған сайыс-жарыс өтіп жатады. Әрине оны ұйымдастырушы патша үкіметі елді-жерді билеушілер екені тусінікті. Жеңіп шыққанға малдай, алтындай, жерлей(қалауы бойынша) бәйгі белгіленген.

Осыны естіген Таналар өздеріне аты белгілі, қара қуштің иесі - палуан, Маулімнің ұрпағы Жетпісті шығарады. Ол бір атақты байдың жалшышы екен. Талай сынақтан өткен. Бір шана шөпті жалғыз өзі сүйреп жүре береді екен. Осы Жетпіс күреске шығады. Күрескен палуандарың бәрін жеңіп - түйе палуан атағын алады.

Оның күресін әкем қызықтыра айтады. Ең соңында өзінен бойы биік үлкен денелі палуанды Жетпіс ұстай алып, жоғары көтеріп, аяғың жерге тигізбей, олай-былай айналдырып аяғынан тік қояды да көзілеспейтін шапшандықпен өзінің ғажайып әдісімен, арқасын жерге бірақ тигізеді. Тананың байлары мақтанып, Жетпіске көз тимесін деп, алтын зермен қапталған шапан жабады. Енді бәйгі жәйлі әңгіме болғанда байлардың біреуі мал, біреулері алтын, енді біреулері жер аламыз деп өзара үлкен талас жасайды.

Келісе алмай, ақырында олай болса, Жетпістің өзі айтсын деген қортындыға келеді. Сонда Жетпіс айтыпты: “Жеті атама кететін жер аламын” - деп.

Азияның түйе палуаны деген атақ пен бәйгеге осы жерлерді алыпты. Содан осы жерлер таналардың қонысына айналған дейді аңыз. Мінеки аталарымыздың кіндік ханы тамған жердің тарихын өз әкемнің аузынан естігенімді айтқанда мақтанайын дегенім емес, ол жерге сондай еңбек сіңіргенін, оның талай ұрпақтарға мал бағып, егін өсіріп, тамақ асырауға жарағанын айту болса, бұл тарих, атадан атаға жалғасып келе жатқан шежіре екенін айту еді.

Шоңай

Шоңайдан - Манас, Танас, Алданазар, Жаназар.

Манастан - Баспақ, Баспақтан - Тұяқ, Тұяқтан - Орымбай, Жантілес.

Орымбайдан - Жұмағали, Мусағали, Мүсірәлі, Отарғали, Тұрғали. Мусағалидан - Қадір. Тұрғалидан - Құмар, Қыспақ, Сапар, Оспанғали, Мұрат. Құмардан - Аманкүл. Сапардан - Мақсот.

Жантілестен - Жантілеу, Елеш. Жантілеуден - Жұмағазы, Шора, Нығыметолла. Шорадан - Қабеш (Хабиболла), Сұлтан, Асқар. Сұлтаннан санағанда Тана он бесінші ата деп есептелді. Бұл шежіренің дұрыс екені дәлел дейді. Сұлтан - майдангер. Облыста қатардағы жұмыстан облыстық газ мекемесінің басшы жұмысына дейін жоғарлаған. Таналар соның шінде Мендікүлдың шежіресің жинақтауда көптен бері айналасып келген. Аталар жолын іздеструде ескі әңгімеге құмар. Шежіреге жүйріктердің біреуі деуге толық сияды.

Қабештен - Аманжан, Амангелді, Нұрғазы. Аманжаннан - Жайық, Нұрдаулет, Нұрмағамбет, Қуаныш. Амангелдіден - Аян. Нұрғазыдан - Бауыржан, Бекет, Миржан, Нұрбол.

Елештен - Мерғали.

Шоңайдың екінші баласы Танастан - Еділ, Жоныс.

Еділден - Құлым, Батыршін. Құлымнаң - Оқас. Батыршіннаң - Қанапия. Жоныстан - Ғабсамет одан - Қуанғали. Қуанғалидан - Болат, Қанат.

Шоңайдың төртінші баласы Жаназардан - Жәнібек, Әлімбек, Көбек, Шыныбек. Жәнібектен - Мамежан, Нұрғали, Бисенғали, Қарабас, Скендір. Әлімбеттен - Бекқазы, Мендығазы, Ысқақ, Мағалым, Керей. Көбектен - Ахмет, Жахмет, Баттал, Жанша, Бақыт, Қабдеш. Шыныбектен - Қанатбай, Қуанышқали, Шынғырбай, Саден, Отарбай.

Дос

Мамбеттің Досынаң - Серғазы, Отарғазы, Бұрқан, Жумаш, Серік, Набиолла, Толеген. Серғазыдан - Сейфолла.

Шымыр

Мамбеттің Шымырынан - Ізден, Жалмағамбет, Қазмағамбет, Нұрғали, Жүрер.

Ізденнен - Муса одан - Біләл, Қазжан, Қазихан, Сайын. Қазиханнан - Берік, Аманжол. Беріктен - Максім. Сайыннан - Бердібек, Нұрбек, Алтынбек. Нұрбектен - Азамат.

Жүрерден - Байтақ. Байтақтан - Жайсаң. Жайсаңнан - Үркімбай. Үркімбайдан - Оразай. Оразайдан - Жұмағұл. Жұмағұлдан - Әлібек, Асылбек, Ақжол, Ербол. Асылбектен - Дархан.

Майхы

Майхыдан - Ахмет, Жарылғас, Табылды, Құмар, Сулеймен. Ахметтен - Көшкін, Өтебай. Көшкіннен - Қуаныш. Өтебайдан - Екпін, одан - Қайыржан, Бауыржан.

Жарылғастан - Тұяқ, Қияқ, Омар. Тұяқтан - Тілекбай, Мырзағали. Омардан - Мақсот.

Табылдыдан - Тобанияз (көп жылдар Тайпақ, Қаратөбе аудандарында басқару қызметінде болды), Таутенияз. Тобанияздан - Асқар, Серік, Марат (қалықаралық дарижедегі самбодан спорт мастері), одан - Арыстанбек. Таутенияздан - Ерназар, Нұрлан. Құмардан - Қамидолла, одан - Есенай.

Құдайберді

Құдайбердіден - Жазықбай. Жазықбайдан - Мәкәрім.

Өмір

Өмірден - Ғұмар.

Үмбет

Үмбеттің ұрпақтары - Сейіт, Бек.

Сейіт

Сейіттен сегіз бала болған, бірінші әйелінен - Жантөре, Өтеу, Естай, Мырза, Сұлтан; екінші әйелінен - Кенжетай, Қантай, Бисен.

Жантөреден - Әжім, Шоқай, Жүгініш.

Өтеуден - Істілеу, Үргішбай, Битілеу, Бимағамбет. Істілеуден - Қаймат, одан - Темірхан, Садық, Кәрім, Жағыпар. Темірханнан - Тілеп, Нұржан. Садықтан - Ғабит, одан - Нұр, Ноян, Науша. Нұрдан - Тимур. Нояннан - Исатай, Махамбет, Бижан, Ержан. Наушадан - Жеткіншек, Сүйіндік.

Кәрімнен - Талап одан - Асқар, Марат, Абай, Сағат.

Жағыпардан - Ғазиз, одан - Қитар, Мұқтар.

Естайдан - Ауасар, Мұқаш.

Мырзадан - Жұмаш, Қараш.

Сұлтаннан - Құрман, Сүндет. Құрманнан - Салахитден, Қамеш, Мұхамбетқали, Батырғали. Салахитденен - Ерғали, одан - Бақытқали, одан - Мұрат, Султан (Саша).

Қамештен - Фазыл, Әбіл, Қабыл, Мағаз. Әбілден - Сағира, Амангелді, одан - Дилара. Қабылдан - Шора, одан - Ғалымжан, Рашид, Сабыржан, Рамазан. Ғалымжаннан - Алтынбек.

Батырғалидан - Қабдықайыр (Қапаш), Бауыржан.

Бисеннен - Исатай, Салықпай, Арыстан, Кенекара, Қарақойшы, Айтжан.

Қантайдан - Досжан, Досакан, Тәжібай, одан - Қайролла. Досжаннан - Ибраш.

Кенжебай - Жангірханның биі болған, одан - Мустафа, Ахмет, Сипа, Жақия, Әпен. Мустафадан - Мұқан, Қожабек, Қуанышқали.

Ахметтен - Өтешқали, одан - Дәлел, одан - Борис, Герман, Ерман, Жангелді, Шора, Талғат. Зипадан - Сапар, Базарғали, Назарғали, Құрманш. Назарғалидан - Бакар.

Жақиядан - Көпболсын, одан - Рахымғали. Әпеннен - Сарықожа, Бекқожа, Сөмен, Құсайын. Сарықожадан - Қабдолла, Байыз.

Үмбет ұрпағы Қамалдан - Мақсат, одан - Сухан. Камалов Сухан геология ғылымдарының докторы, Қазақстан ұлттық академияның мүше - корреспонденті. Қарашығанақ кешенін зерттеп ашушылардың бірі. Суханнан - Хаммет, Нұржан, Гүлжан. Хамметтен - Әлишер, Әлия. Нұржаннан - Динара, Салтанат.

Қоске

Қоскеден - Бабақ, Жаман, Түмембай, Жангері, Саңырақ, Жүзжасар, Жанқурбы, Арстан, Қоблан, Сақал.

Бабақтан - Темір, Оқан. Оқаннан - Қасаболат. Қасаболаттан - Керей, Құрман, Есегали. Керейден - Жүсіп, Жасын. Құрманнан - Мәди, Әсет. Жаманнан - Сырлыбай. Сырлыбайдан - Жұбай. Жұбайдан - Өкісбай. Өкісбайдан - Мұташ, Зиолла, Зұлқарнай.

Жүзжасардан - Бауке, Баеш, Бекболат. Баештен - Сапығожа, Өтеш, Төлебай, Тореғали. Сапығожадан - Рақыш, Айсығали, Қожағұл, Сарсенғали, Құрманқұл. Рақыштан - Темірғали, Темірбай, Орынғали. Темірғалидан - Жанболат, Бекболат. Темірбайдан - Ерболат. Айсағалидан - Нұрхан, Қаман. Нұрханнан - Азамат. Қаманнан - Сандыбай, Армат, Аймұрат, Жомарт, Жақсыат, Асхат. Сарсенғалидан - Темірболат. Темірболаттан - Қыдыр. Қыдырдан - Нұрболат. Құрманқұлдан - Темірхан. Темірханнан - Әзілхан, Қайрат, Мұрат. Әзілханнан - Сауран, Ноян.

Өтештен - Киікбай. Киікбайдан - Серік, Берік, Қайрат, Талғат.

Төлебайдан - Жұмағали. Жұмағалидан - Қажжан.

Бекболаттан - Жайлы, Үркембай, Нұртаза. Жайлыдан - Исатай, Мырзатай. Исатайдан - Жәніс. Жәністен - Сырым, Серік. Мырзатайдан - Темірбай, Наурызбай. Үркембайдан - Мырзағали, Сарсенбай. Мырзағалидан - Құмар, Сансызбай. Құмардан - Ғусман, Құбаш, Амантай, Нұрлан, Нұрлыбай, Талғат, Болат. Ғусманнан - Аслан. Құбаштан - Данияр, Дастан. Амантайдан - Нұрлыбек. Болаттан - Мейрім. Сансызбайдан - Арман. Сарсенбайдан - Бораш, Сапар. Бораштан - Сағынған, Еламан, Жоламан, Қосаман. Сапардан - Бауыржан, Ильяс, Ержан. Нұртазадан - Көшербай, Аманжол. Көшербайдан - Өмірүзақ. Өмірүзақтан - Нұрлан. Аманжолдан - Қаршыға одан Серік.

Сақалдан - Кенжебай, Кендірбай, Ақмырза, Жанмырза, Бүркітбай. Кенжебайдан - Құрамыс, Қиқым. Құрамыстан - Түрмұхамбет, Нұрмұхамбет, Малай, Отарғали, Тұмаш, Ермаш.

Қосдаулет

Қосдаулеттен - Мырзагелді, Мырзақан, Көптілеу, Мұқатай,...

Көптілеуден - Мәжіт.

Мұқатайдан - Хамза, одан - Қадір, Ерсайын. Қадірден - Құспан, Жакан. Жақаннан - Ануар. Ерсайыннан - Арыстан, одан - Диана, Динара.

Асан

Асаннан - Әйтiмбет, Бегей, Тоқсанбай, Қангелдi, Тiлеу, Масай, Аспантай.

Әйтiмбет

Әйтiмбеттен - Мәмбетәлi, Байiмбет, Нетәлi.

Нетәлiден - Бектемир, Емен. Еменнен - Үмбетияр. Үмбетиярдан - Макар, Мағау, Мағал.

Тоқсанбайдан - Мейiрман. Мейiрманнан - Мұхтар, Ходар. Мұхтардан - Болат, Зинет. Мұқтар - Социалистик Енбек Ерi.

Масайдан - Рай, Өтеген ұста.

Қангелдiден - Айтқожа, Өтеген.

Райдан - Төлепберген, Тәңiрберген. Тәңiрбергеннен - Мәмбетәлi, одан - Ырысәлi, одан - Төлеген, Әлi, Сапар ... Борсықбай, одан Жайықбай, одан Әзберген, одан Әбiлкаыр /100 жаста өлдi/.

Әбiлкайырдан - Сары (1889-1970), Ғабас (1893-1961), Мәрдеш, Есенбай (1899-1989), Әскери медицина полковниги, Есенәлi (1903-1987), Есенгелдi. Сарыдан - Хаби (1925-1941), Мирас (1952-1994), Мрат, Сәдiрай. Ғаббастан - Ғалихан (1924-1987), Уәлихан (1927 ж.т.) Мұрат (1941 ж.т.).

Мәрдештен - Сабырхан (1924-1955).

Есенбайдан - Амантай (1949 - ж.т.), Мұқсын (1961 ж.т.).

Әзбергенмен туысқан Есiркеп ұрпақтары: Есiркептен - Өтеген, Манау, Мәмбет, Боран, Сұлтан.

Өтегеннен - Наурызғали, Аманғали (1893-1978), Қожабай (1897-1964), Сәрсенғали (1905-1975), Кенжеғали. Сәрсенғалидан - Мереке -(1938-82), одан - Марсел, Марлен.

Манаудан - Изғали (1883-1993), Бекқали, Макар (1905-1974), Сұлтаннан - Сембi, Бағаш (1910-1994).

Мәмбет, Боран ұрпақтарынан: Сәрсенбай, Жанғазы, Жантұрсын. Сәрсенбайдан - 1. Хамза, одан Керей (1927-1996), одан Қитар, Мұхтар т.б. 2. Кабаш - одан Ихсан, Құмар. 3. Қошпан - одан Мақсот (1936 ж.т.), одан - Серiк. 4. Құспан (ұрпақ жоқ).

Жанғазыдан - Сағынтай. Жантұрсыннан - Төлеш, одан Әбiлқалта (1928-73).

Әзбергеннiң бiр туысқаны ... Жанғали, одан Есмұхан, Құмар, Әмiржан. Құмардан - Қаратай.

Масайдың бiр туысқаны ... Суканұлы Бақыт, Табылтай. Бақыттан - Сапар. Әббегеннiң бiр туысы... Шаң, Құрман.

Шаңнан - Измағамбет, одан Көшқали (1924-1989), Жұбан (1930 ж.т.).

Құрманнан - Тасмағамбет, одан Нұртай, Науша, Нұрқат, Жәсен (1925-93).

Тiлеудiң 1 әйелiнен - Итемген, Сүтемген, Меңдiбай.

Сүтемгеннен - Есенгелдi, Жанкөшек, Жаңмырза. Есенгелдiден - Бекей.

Орта шаруасы бар Есенгелдiнiң әкесi Әйтiмбеттiң кенжесi Құлдың Байсеңгер атасының бiр атақты байына қуда түсiп, соның қызына Есенгелдiнi үйлендiредi. Байдың қызы еншi аларда әкесiнен пәлен қойдың отарын берудi сұрайды. Ол өсiмтал, бағуға берiк тұқым болса керек. Сол қызға үйленгеннен кейiн қыздың ақылы және қоймен Есенгелдi байыған.

Оның байлығы жәйлi әртүрлi әңгiмелер бар. Жылқысы он мың болған. Жайықтың екi бетiн жайылым-өреске жылқы аяқтары жеткен жерге дейiн кеңiнен пайдаланған. Ол заманда бәсеке - байлық, талас күштi болған.

Есенгелдiнiң бiр орыстың купец байымен байлығын таластыруы жәйлi әр жерде айтылады.

Ол осы Орал қаласында аталары әрiден келе жатқан Макаров деген купец дейдi. Ол Есенгелдiге байлығын көрсетiп мақтанғанда, Есенгелдi мен саған байлығымды көрсетемiн дейдi.

Есенгелдi Макаровты Жайық өзенiне алып келiп өзеннiң суына талшыбық шаншиды. Содан кейiн жылқышыларға жылқыларды су iшуге Жайыққа түсiрiндер деп бұйырады. Жылқылар жан-жақтан түсе бастайды. Бiрақ, орыс байының көңiлiне онша әсер етпейдi, оны сезген Есенгелдi көк аланың үйiрiн салыңдар дейдi. Сол кезде Жайықтың суы шыбық бойынан солқылдап түсе бастайды. Оны көргенде орыс купецi көңiлi толып, - Пай, Пай Есенгелдi Сұлтансиықтың байы екенсiң.

Бiрақ, байлығың бiр жұттық қой, - дептi мыс.

Есенгелдi көп әйел алған. Тоқал әйелiнен де балалар болған. Балаларының iшiнен бәйбiшеден туған

Бекей шаруаға өте бейімді, алымды саналған. Саудаға да шебер, санасы ояу, ақыл естісі екен. Сол арқылы атағы шығады. Патша әкімшілігі алдында да беделі артады. Бекейді тоқалдан туған балалар көре алмайды. Әкесі де теріс пікірде болады. Түрлі себептерден туған іш араздық түбі Бекейді өлтірумен тынады.

Бұдан басқа тағы бір баласын тоқалдың өсегінен жылқыға тапатып өлтіргені жәйлі аңыз осы күнге дейін халық аузында бар.

Асан тананың Серкебайының ұрпағы жазушы Есламғалиұлы Мұхадес осыларды өзінің “Зерлі тоғ” деген кітабында жазды.

Көңіл аударарлық тағы бір жағдай атақты “Түсіндірме сөздіктің” авторы Владимир Даль 1845 жылы Парижде француз тілінде “Бекей мен Маулена” повесін жазып, жарыққа шығарған. Бұл шетелге қазақтың атын шығару, таныстыру болса, сол заманда қазақ даласындағы өмірден хабар беру еді.

Бекей әкесінің дүниесорлық пиғылына қарсы тұрады. Қарындасын қалың малға сатылғандығына риза болмайды. Оның үстіне Бекей, о баста әкесі айттырған Дәмеліге үйленбей өз көңілі қалаған Маулена деген қызды алады. Ол қыз Бекейдің жақыны Жанкөшектердің қалыңдығы екен.

Владимир Даль осы екі жастың бақытқа бөлене алмағаны жәйлі жазған. Бұл повесті Ленинград архивінде сақталғанын 1971 жылы мейзам айының 19 күнгі номері 42 (1085) “Социалистік Қазақстан” газетінде жазылды.

Бекейдің өлімін Маулена үлкен кек санайды, қайырымсыз байлыққа қарсы шығады. Бұралаң, бұлыңғыр заманда 22 жаста өз намысы жолында өзін-өзі құрбан еткенін біреулер білсе, біреулер білмейді.

Бекейдің моласы Жайық өзенінің Бұқар бетіндегі бес көлдің біреуі Қамысты көлдің (Қан көл депте атайды) жағасында әлі тұр.

Құла атты сойдым асыңа,

Құлпынды қойдым басыңа.

Сені әулие демеспін,

Мені алмасаң қасыңа.- деп, өзіне-өзі қанжар салып опат болған Мауленаның да мәйіті осы Бекейдің қасында.

Есенгелдінің моласы Сырым ауданы Шідерті өзенінің саласы Тіксайдың Есенгелді деп аталатын бір биіктеу жерінде жатыр. Оны Есенгелдінің өзі емес әйелі деп таласушылар да кездеседі. Дегенмен, Есенгелді көзінің тірісінде сүйегімді жылқымның өрісіне қойындар деген өсиеті бойынша осы жерге қойылғаны көрі құлақтардың әңгімесінде көп айтылады. Ал, Есенгелдінің бай екеніне ешбір талас жоқ. Сондықтан Есенгелдіден бір тайым кем деген сөз Сұлтансық ұрпақтарының аузында қалған.

Бекейдің бір ұрпағы Елтайдан - Тайшыбай, одан - Иман. Иманнан - Рысбай, Қоңысбай. Рысбайдан - Рысбек, Оралған. Қоңысбайдан - Манарбек, Райбек, Мейрамбек.

Мендібайдан - Тоғызбай, Даулет. Тоғызбайдан - Мендіғазы, Қаналы, Отеболі, Молдағали, Ғубайдолла, Тақамбет, Рахмет, Иман.

Мендіғазыдан - Рамазан. Қаналыдан - Қамеш. Оебәліден - Ғадіше. Молдағалидан - Сұлтан, Жалмұқан. Ғубайдолладан - Амангельді. Атақты әнші. Тақамбеттен - Ыдырыс. Рахметтен - Нұрғали. Имантан - Ерғали. Ерғали ұзақ жылдар колхоз басқарды. Даулеттен - Тіленші. Тіленшінің 2 әйелі Қарақыздан - Мегешін, Төлебай, Серкебай, Марқабай.

Төлебайдан - Доман. Доманнан - Курмаш. Курмаштан - Сағынғали, Сағидолла. Сағынғалидан - 1-ші әйелінен - Кәрім. Кәрімнен - Тимур. Тимурден - Руслан. 2-әйелінен - Сапарғали, Амантай, Исатай, Тасболат, Қазболат. Сапарғалидан - Асқар, Нұрхат. Амантайдан - Ерболат, Аманат. Исатайдан - Нұрболат, Әділет. Қазболаттан - Мархад. Сағидолладан - Асқар. Асқардан - Ерлан, Мерей.

Серкебайдан - ... Тыраиыс, Мұхамедия, Мерғали, Елеубай, Қыдыр, Аман, Қосаң, Иқсан, Әуелбай, Мұхамбетқали. Тыраистан - Өтеш. Өтештен - Асқар. Мұхамедиядан - Қуат. Қуаттан - Хабиболла. Мерғалидан - Хамза. Хамзадан - Бейбіт. Қосаннан - Ғалиасқар. Ғалиасқардан - Қаршыға, Марат, Мұрат Әуелбайдан - Берзағали. Есламғали - Мұхадес жазушы.

Елеубайдан - Бердіғәлі.

Марқабайдан - Арыстан, Бекарыстан. Бекарыстаннан - Әжім. Әжімнен - Болат.

Бессары

Бессарыдан - Көсе, Абыз, Төбет, Сарбас, Сығайәлі, Көсс, Шойтас.

Абыздан - Аитбай, Қартабай, Құлмырза, Жанатау, Отеп. Аитбайдан - Түркебай. Түркебайдан - Еселбай. Еселбайдан - Ақмырза. Ақмырзадан - Сарсен. Сарсеннен - Серік, Ғалым.

Қартабайдан - Еділбай. Еділбайдан - Бақыт. Бақыттан - Мақсот, Құлмырза. Жанатау. Мақсоттан - Асылбек, Ақылбек. Төбеттен - ... Еламан, Еділбай. Еламаннан - Бисенғали. Еділбайдан - Қуан. Сарбастан - Қайыр, Құбай, Рақым. Құбайдан - Сүйін. Сығайәліден - Қозайдар. Қозайдардан - Ахмет, Рамазан. Шойтастан - Байқой. Байқойдан - Қадір. Қадірден - Керей. Керейден - Жортабай, Демес, Жұмабек, Ескендір. Жортабайдан

- Хамидолла, Махмуд, Әзірбай, Мажит, Барш, Уали. Хамидолладан - Қуанай, Ораз. Жұматай, Ғалиолла, Құбайдолла, Ғұмар, Омар. Махмұттан - Ғұсман, Мұхит. Әзірбайдан - Есмағұл. Марат. Мақсоғ, Мағзом. Скендірден - Қуанғали, Еркін, Тыныштық. Барштан - Арон, Аргон. Берік, Серік. Кенжетай. Қуанайдан - Арман, Нұрлан. Уалиден - Талғат. Ескендірден - Қуанғали, Еркін. Қуанғалидан - Жалғас, Нарман, Бақыт. Еркіннен - Арман.

Сарбастан - Сарт одан - Таңқы. Таңқыдан - Қабыш, Демеу. Демеуден - Бержан, Біржан. Бижан, Әлібек.

... Арыстан - одан Шаңқан, одан - Қарабөкі, одан - Мыңбай, одан - Таймұқамбет. одан - Бесәлі, одан - Боқай, одан - Кенжебек, одан - Мұғаллем (1927 ж.т.).

Қалақ

Тананың бәйбішесінен туған кенже бала Қалақ мерген болған. Талай елге атағы жетеді. Бір үлкен жиында төрте отырған хан анадай жердегі батыр денелі Қалақты көріп, - әй, Қалақ сені сумерген, құралайды көздемей атып құлатады дейді. Маған сол мергендігіңді көрсетші, нағыз мергендігіңді көрсем батамды беремін, - дейді. Қалақ орнынан тұрып, 10 канат ағаш үйдің түндігінен ұшып бара жатқан бір топ құстарды көрсетіп, - басынан атайын ба, ортасынан атайын ба, әлде құйрығындағыны атайын ба? - дейді.

Хан - басын атпа бассыз ел болмайды. Құйрығы, канаты қаруы, ортасынан-ақ ат дейді. Қалақ сол бойда көздемей садағын тартып жібергенде бір аққу ханның алдына келіп түседі. Сол кезде бата берейін деп хан басын көтергенде тілі байланып, екі қолы теріс айналып, сөйлей алмай қалады. Оның себебі аққу киелі құс. Соның киесінен осылай болған дейді айтушылар. Осыдан: «Баталы ұл арымас, батасыз ұл жарымас» деген сөз шығыпты. Қарғыс бата алған Қалақтан - Қараман мен Малайсары туады. «Қарғыс алған Қараман» содан қалған.

Малайсары

Малайсары - Тананың бел немересі жастайынан қол басқарған батыр. әр кезде елін, қазақ жерін шапқыншы жаудан қорғауда, халықтың бірлігін елдігін сақтауда абройлы міндеттер атқарып Тананың ұранына айналған адам. Талай аласапрандардың қақ ортасында болған адам. Малайсары бірнеше жылдарға созылған соғыста жасаған ерліктерінен куә деп оның жонғар алатауындағы бірнеше шақырымға созылатын Малайсары атындағы таулы жотаны айту дұрыс болады.

Өмірі соғыста өтіп, қалмақтарды талай қырқалардан асырып қуып жүргенде Малайсарыдан ұрпақ аз өрбіген.

Сол Малайсарының Сыдық деген баласынан тараған ұрпақ Сырым ауданының Талдыбұлақ, Көктөбе деген жерінде Асан таналармен көршілес қоныстаныпты.

Сыдық ұрпағы: Байбол, Әубәкір, Қанат, Нұрхат. Байболдан - Ыбыраш, Алаш. Ыбыраштан - Сапарғали, Молдағали. Сапарғалидан - Насиболла, Майнур, Арон, Амангелді, Болат, Ермек. Насиболладан - Серік, Маржан, Айжан, Айман, Нұржан, Өркен, Бақытжан, Даурен. Ароннан - Күлян, Армат, Асқар, Гүлнар, Шолпан, Нұрслу, Римма. Амангелдіден - Нұрлан, Мержан, Ляйля, Қайрат, Қасиет, Қисмет. Болаттан - Лунара, Гульмира, Сауле, Света. Ермектен - Дина, Роза, Маншук.

Молдағалидан - Физат, Рахила, Зенеш. Физаттан - Гүлбаршын, Елемес. Зенештен - Мұрат.

Алаштан - Қыдырғали, Ғабдол. Қыдырғалидан - Збайда, Құспан. Ғабдолдан - Сапа, одан - Гүлжиян.

Әубәкірден - Хамит, одан - Әбділғали, Сабит, Гүлмаржан, Гүлбаршын.

Қанаттан - Кенжеғали. Нұрхаттан - Сүндет. Сонымен қатар қонысы бөлектеу болғанымен Ғабдолла Рахметтерді жақын ағайын санайды. Ғабдолладан - Сапа, одан - Самат. Рахметтен - Қанатқали.

Қараман

Қараманнан - Күнтубай, Сексенбай, Тілеуке, Жамелке, Досберлі. Күнтубайдан - Көшек, Терек, Жақай.

Көшектен - Күсіге. Күсігеден - Иманқұл. Иманқұлдан - Бексұлтан. Бексұлтаннан - Қайырғали. Қайырғалидан - Нұржан, Айтжан. Нұржаннан - Тасжан. Айтжаннан - Есқали.

Жақайдан - Маңдай, Шынтай, Темірбек, Бектаубай, Бектай. Темірбектен - Ғәділ, Қожақ. Қожақтан - Сәуірғали, Әділғали. Сәуірғалидан - Сағат, Орынғали, Балғали, Сапи, Мұхамбетжан. Сапиден - Ақжол. Әділғалидан - Сүндетқали. Бектайдан - Рамазан. Рамазаннан - Бексұлтан одан - Серік.

Сексенбайдан - Қарабала. Қарабаладан - Нұрғали. Нұрғалидан - Қойшыбай. Қойшыбайдан - Ақмади. Ақмадиден - Шаяхмет, Есмағұл. Шаяхметтен - Алмабек. Есмағұлдан - Жанар.

...Нетәлі, одан - Асахат. Асахаттан - Құрманғали, одан - Дөшен. Дөшеннен - Тайып, одан - Үмбетәлі. Үмбетәлідан - Бақтыгерей, Бақтығали. Бақтыгерейден - Сарсенбай. Бақтығалидан - Төлеген, Тілеген, Нұралы, Бегәлі. Төлегеннен - Мереке, Ерболат. Тілегеннен - Талғат, Самат, Нұрболат. Нұралыдан - Жанболат, Тілеп, Асқар. Бегәлідан - Марат, Азамат.

АЛАША

Сары
Досай
Шотқара
Қарабура
Божан
Барамық
Қоңырбөрік

Ұраны - Байбарақ
Таңбасы - Айбалта

N, Ψ, ♀, J

Алаша көп ел, екі салаға таралып отырған. Бір тобы Жайықтың орта шешінің шығыс жағын беттеп Шыңғырлау, Қайыңды, Қалдығайты, Жаксыбай, Шилі, Бұлдырты, Тамды, Жымпиты өзендерінің бойын Тұздықөл, Қоскөл, Итмұрын көлдерінің төңірегін мекендейді, содан Ойыл, Қиыл өзендеріне дейін барады. Жайық бойында Байұлы, Байбақты руларымен аралас отырады. Енді бір тобы Жайықтың оң жағын ала, Қамыссамар көлінің төңірегін, Кіші өзеннің бас жағынан Сары өзен, Самар көлі жағалауын Нарын құмына дейін қоныстанған.

Олар бұл жерге, кіші жүздің басқа ру тайпалары сияқты Сыр бойынан, әрісі Алатау, Шу бойынан, Қарақұм, Қызылқұм алқаптарынан әр уақытта ауып жүрген. Олардың қайсы қай уақытта келгенін дәл айтуға негіз деректер жеткіліксіз.

Кейбір тарихи деректерде, аңыздарда үш таңбалы Алаша деп те аталатын тұстар кездеседі. Оның мәнісі Алашадан туған Ақберліден-Атымыс, Барамық, Тоқберліден-Қоңырбөріктің тараулынан айтылған екен. Үш таңбалы Алаша деп Сары, Майқы-Әйтiмбеттiн балаларын да атаған. Қолдағы Алаша таңбасынан “N” деген таңба осы Атымыс балаларының құрамын көрсетеді.

“Қазақ” өлеңінде былай деп айтылған:
Сұрасаң руымды алашамын,
Әкемнің қаздай қоңыр баласымын
Басымда бақыт құсы тұрған шақта
Ұлымен алты арыстың таласамын. (Ерғали Аязбаев өлеңі)

Алашадан - Ақберлі, Тоқберлі деген екі бала болған.

Ақберлі

Ақберліден - Атымыс, Барамық туады.

Атымыс

Атымыстан - Сары, Маймақ, Әйтiмбет.

Сары

Сарыдан - Қожамберлі, Қожағұл, Малай.

Қожамберлі

Қожамберлі аталарын таратудан бұрын осы арада шежіре оқушылардың есіне қолдан келгенше бар деректерге сүйеніп аталардың, тайпалардың, қауымдасулардың қалыптасу ретін сақтауға күш салынғанын кәтерлеу дұрыс. Бұл жағдай қай аталарды таратуда да кездесіп отырады.

Алашалар шежіресі Атымыстың балаларын таратудан яғни Қожамберліден басталса, ретімен оның басқаларының балалары таратылады. Содан кейін Алашаның Ақберлісінің екінші баласы Барамықтың балаларының аталарына таратылады. Ең соңында Алашаның екінші баласы Тоқберлінің баласы - Қоңырбөрікке сөз беріледі.

Қожамберліден - Құдайберді, Есназар, Бадаш.

Құдайберді

Құдайберліден - Құдайқұл, Қойсары, Төле, Ботпанай, Балтай (Балта деп атайды). Құдайқұлдан - Көбек, Малбасар, Жомарт, Байбарақ.

Көбек

Көбектен - Қарынбай, Есенгелді, Сарыбас.

Қарынбай

Қарынбайдан - Қажым, Қаратоқа, Ақкісі, Бозан. Қаратоқадан - Сайғұл, Таңатар, Ертай, Қонжы, Түрке, Жетібай. Сайғұлдан - Сарт, Лұқпан, Керей, Даулет. Ертайдан - Тілеп, Жаныс. Қонжыдан - Бақыр, Әбдрахман, Досмағамбет. Түркеден - Ерман, Есентай. Жетібайдан - Өтеген, Намазбек, Жұбат, Жолдас, Бұқа, Бүме.

Есенгелді

Есенгелдіден - Марқасқа, Ботақара. Марқасқадан - Едіге Есет, Жабағы. Едігеден - Шойтас. Шойтастан - Құл, Досболай, Досмырза, Есмырза. Досмырзадан - Нұрмұхамбет, Қартмұхамбет, Жұрмұхан. Нұрмұхамбеттен - Күнжекпей. Жұрмұхамбеттен - Мақсот, Болат.

Есеттен - Жаманкөз, Қызылша. Жаманкөзден - Байдаулет, Есдаулет. Есдаулеттен - Мерғали. Мерғалидан - Побед.

Ботақарадан - Қалдек, Жүсіп.

Сарыбас

Сарыбастан - Байтоқа, Болат, Бопай, Қожамерген, Сәңкібай, Саламбет.

Байтоқаның 1 әйелінен - Қоблан, Тұтқыш; 2 әйелінен - Байназар, Қожаназар, Әжібай; 3 әйелінен - Қойлыбай, Майлыбай. Байтоқаның 1-ші баласы Қобланнан - Бірәлі, Сартай, Жәңке, Есқара, Дорба. Бірәліден - Батыр, Бөлекбай, Отарбай, Бисембай, Өтебай, Серікбай. Бажырдан - Бекібай одан Мұсағали. Отарбайдан - Өтеулі. Жәңкеден - Қосмырза, Қостай, Ерәлі, Иманәлі. Қосмырзадан - Сиық, Сатыбалды, Әйіп, Хабиб. Қостайдан - Үмбет, Жұбанышқали, Бақай. Есқарадан - Байдос, Мухан, Досмағамбет, Әбауқір, Науа, Қожақ, Тыныштық. Байдостан - Құттымбай, Бисембі, Дәулет, Байқуат. Досмағамбеттен - Мырзағали, Есенғали, Дүйсенғали, Қарабала. Дорбадан - Марал, Смайыл, Сқақ, Мырзатау

Сарыбастың баласы Қожамергеннен - Арықбай, Құрақбай, Еленбай, Бұқар, Кекен, Боздақ. Арықбайдан - Көмер одан Молдағали. Есенбайдан - Тайышыбай, Өтеген.

